



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

қатысатын болса;

- жеке өзінің дамуында өтіліп жатқан сабақтың әрбірінің қажеттілігін түсіне білу;
- өзінің әлсіз немесе мықты жақтарын көре білу, белсенді позицияны қолдану;
- алдында алынған білімді және енді үйреніп жатқан ақпаратты өзара ұштастырып, оны пайдалана алу және т.б.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. ҚР білімді дамыту бағдарламасы 2011 – 2020 жылдар. Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 2010 жыл 7 желтоқсан № 1118.
2. Қазақстан Республикасының білім туралы заңы 2007 жыл 27 шілде № 319-III.
3. ҚР-ның Мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандарты. Қашықтықтан оқытуды ұйымдастырудың технологиясы. Негізгі ереже.
<http://cis.rudn.ru/document/show.action;jsessionid>

ӘОК 371:004

БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІН БАСҚАРУДЫ АУТОМАТТАНДЫРУ БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНДЕГІ МӘСЕЛЕРДІ АУТОМАТТЫ БАСҚАРУ ЖӘНЕ ОНЫҢ МҮМКІНДІКТЕРІ

Толқын Жақсылық

Jax_14@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ 1-ші курс магистранттары, Астана қаласы
Ғылыми жетекші - М. Серік

Бүгінгі жаһанданған заманда ақпараттандыру құралдар адам қызметінің барлық саласында еңбек өнімділігі мен тиімділігін арттыруда маңызды орын алатындығы айқын. Еліміздің жаңа қарқынымен жылдам алға басу динамикасы білім беру жүйесін ақпараттандырудың мақсаттары мен мәселелеріне сәйкес білім берудің бұрын болмаған басқаша зерттелетін мәселені шешуді қалыптастыруды талап ете бастады. Бүгінгі күні білім беру жүйесін ақпараттандырудың мақсаты – заман талабына байланысты ақпараттық қоғамның шаттарына сәйкес білім алушыларды тұрмыстық қоғамдық және кәсіптік өмір салаларына толық әрі тиімді түрде араластыру болып табылады. Ақпараттандыру ісінде білім жүйесінің адамзат тіршілігінің барлық әлеуметтік аймақтарымен әрекеттесуі және олардың бір-біріне әсер етуі толық бейнеледі. Мұнда білім беру ісінің өзі де күрделі жүйенің бір-бірімен және қоғамдық өмірдің басқа аймақтарымен де тығыз байланысқан бес бөліктен тұратыны анықталды, олар: теориялық – методологиялық, педагогикалық, экономикалық ұйымдастырушылық және технологиялық жүйелер. Сол себепті қазіргі кезде білім саласындағы ең өзекті мәселеге ақпараттық технологияларды пайдаланудың техникалық жағы емес, керісінше оның ұйымдастырушылық, әлеуметтік және педагогикалық жақтары айналып отыр. Білім беру процесіндегі және әрбір оқыту орындарындағы мәселерді шешуді аутоматты түрде басқару, Қазақстан Республикасында ақпараттық оқыту кеңістігінің құрылуына қамтамасыз етеді. Көптеген ақпараттар ағымын, білім беру мекемелерінде жұмыс жасайтын қызметкерді, оқушылар мен ата аналарды оқу орындарындағы оқу тәрбие үрдісін басқаруды және тапсырысты ұйымдастыруды аутоматты түрде басқару қазіргі таңда қиындықтар туғызуда.

Қиындықтың тудыру себебінің бірі, ақпараттық ағымдарының мазмұнының біліктілігін қадағаламауы, және оның бір бекітілген формасының және тіркелген адресінің жоқтығы болып табылады.

Ақпараттық ағымдарының құрылымы әрдайым өзгеріп отырады, кейде ақпараттың қайталануына байланысты және оның шарттары бұрмаланады.

Зерттеу жұмысы барысында Астана қаласындағы бірқанша мектептерді бақылау

барысында, мектептерде компьютерлік техника жоғары деңгейде және әрбір компьютерлік сыныптар компьютерлермен қамтамасыз етілген.

Мектептер толықтай жергілікті желімен байланыстырылған, әкімшілік пен мұғалімдер арасында бір бірімен хабараласу мүмкіндігі жасалынған. 2009 жылдан бастап мектептерде мұғалімдер өз жұмыстарында кеңінен қолданып жүрген, электронды оқулық енгізілді.

XXI ғасыр білімділер ғасыры болғандықтан бүгінгі таңда заманымызға сай зерделі, ой-өрісі жоғары, жан-жақты дамыған ұрпақ қалыптастыру мемлекетіміздің алға қойған аса маңызды міндеті болып тұр.

Еліміздің даму жолындағы жаңа белесі «E-learning» электронды оқыту жүйесін [1] Қазақстан Республикасы мектептеріне енгізу. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында электрондық оқытудың мақсаты: Білім беру үдерісінің барлық қатысушыларының үздік білім беру ресурстары мен технологияларына тең қол жеткізуді қамтамасыз ету. Ауыл және қала мектептеріндегі білім деңгейлерін теңестіру, ойлау қабілеті жоғары және технологиялық сауатты оқушыны дайындау.

Алға қойылған мақсатқа жету үшін төмендегідей міндеттерді шешу қажет:

-қойылған мақсатқа қол жеткізу- сыртқы ортаның ақпараттық кірігуін, білімді басқару тиімділігін, білім сапасын көтеру;

-қажетті нормативтік негізді жасау.

Электронды оқытуды енгізу бірқатар нормативтік құжаттарға өзгерістер мен толықтырулар енгізуді талап етеді.

Бірақ бұл жетістіктермен қатар, оқу процесін аутоматтандыруда нақты мәселелері бар.

Сонымен, мысал ретінде, мұғалімнің оқу жылының қорытынды есебі жіберіледі:

Оқу бөлімін басқаратын меңгерушісіне, сынып жетекшісіне, оқушының ата анасына үлгерімі туралы қорытындысы, осы есеп бойынша ақпаратты педагогикалық кеңесте, ата аналар жиналысында талқылау үшін, осы есептің жеке бір бөлімдері директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарыарқылы директорға жеткен есеп (басқа қызметкерлермен бірге) білім оқу басқарамасын басқаратын мекемелерге есеп түрінде жіберіледі [2].

Бұл ақпарат жіберілген кезде мына іс әрекет жиі тап болады:

Қағаз жүзіндегі жеке құжат айналымда ақпараттың қайталануы, мәліметтердің жоғалуы, есептің қандай бір бөлімі бойынша анықтама алуында қиындықтардың шығуы, мәліметтерді оперативті сараптамалық анализінің жоқтығы (қосындысы, пайызын және орташа мәнін есептеу), қандай да бір оқушы туралы ақпаратты бірнеше жыл жиналуы, оқу пәнін таңдау кезіндегі және оның оқу кезіндегі заңдылықты шығаруы, жалпы қорытындыны диаграмма түрінде (мысалы, сынып бойынша білім сапасын салыстырмалы түрде қарастыру үшін), осы білім ошағында алынған оқушылардың білім сапасын, басқа райондағы, аудандағы, қаладағы, барлық әлем бойынша салыстыруы қиындық туғызуда.

Оқу мекемелеріндегі құжат айналымын аутоматты түрде жүргізілмейтіні туралы көптеген мысалдар келтіруге болады, бұған қарамастан ұжым әрдайым мектепке оқу процесін аутоматты түрде басқаруға деген іс әрекеттер жасалуда.

Мұндай мәселелерді шешу үшін, оқу процесін ақпаратты әдістемелікпен және құжат айналымымен қамтамасыздану (реттеу, бір жүйеге келтіру) болып табылады.

Білім беру процесін аутоматты басқару мыналарға мүмкіндік берер еді:

- қазіргі заманға сайақпаратты (мәтіндік, графикалық, визуальді, сөйлеу) сақтау, бір түрге келтіру, сараптама жасау, өңдеу жүйесін қолдану;

- негізгі және қосымша ақпараттық процесті аутоматтау, мысалы, мұғалімнің құжатпен жасалатын (қашықтықтан, жергілікті және ауқымды желімен) жұмыстарды сәйкестендіру;

- деректер қорын жүргізу, соның ішінде қашықтықтан деректер қорымен жұмыс жасауға мүмкіндік беру, деректер қорыларының арасындағы ақпаратпен алмасу;

- оқушыларға, мұғалімдерге, ата аналарға және білім беруді басқаратын мекемелеріндегі қызметкерлерге қашықтықтан оқу бөлімге және керекті ақпаратты іздеуге,

бір бірімен хабарлама алмасуға мүмкіндік беру;

- жүйе ресурстарына және функцияларына қолданушыларға кіруге рұқсат беру үшін әкімшілік құқық еңгізу;

- оқу тәрбие процесінде әдістемемен қамсыздандыру және ақпараттың мазмұнымен және оның құрылымымен жұмыс жасауды оңайлату;

- мектептегі барлық сандық түрдегі ақпаратты, электронды оқыту және білім беру құралдарын, сайттарға және Интернеттегі порталына сілтемелерді, материалдарды жіберуге, ақпаратты сақтауға және іздеуді бір жүйеге келтіру;

- деректер қорында сақталған ақпараттарға өңдеу жасау;

- оқушылар мен мұғалімдерге ішкі және ғаламдық ақпараттық ресурстарға қатынасқа кіруді қамтамасыз ету;

- мектеппен білім беруді басқару мекемелер арасындағы ақпараттық ағымдардың қозғалысын бір жүйеге келтіру.

Жоғарыда айтылған мүмкіндіктер оқу мекемелеріне шағын басқару жүйесін құруға мүмкіндік береді, осыған қарағанда келешекте мектептегі процестерін аутоматты түрдебасқару жүйесінің дамытына сенемін. Бұл жүйесінің негізгі міндеті — ақпараттық әдістемемен, оқу процесіндегі қатысушылар мен білім беруді басқаратын қызметкерлер арасында ақпаратпен қатынауды (ауқымды және жергілікті желі арқылы) [3] қамтамасыз етуді аутоматтау.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1- e-learning - электронды оқыту жүйесі

2- Научно-практическая школа-семинар [Электронный ресурс]. — Режим доступа <http://www.ituo.iicavers.ru/>

3- [Электронный ресурс]. — Режим доступа <http://www.profile-edu.ru/>

ОӘК 004.4/.5

МОБИЛЬДІ ҚОСЫМШАЛАР ЖӘНЕ ОНЫ ҚҰРУ ОРТАЛАРЫНА ШОЛУ

Туткышбаева Шырын Сарыбайевна

shyryn.tutkyshbaeva@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 1 курс магистранты, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші – Г.К.Абдрашева

XXI ғасырда әлемдегі қайта құрулар, экономиканы дамытудағы жаңа стратегиялық бағдарламалар, қоғамдағы көптеген бағдарламалардың қолжетімділігі, оның жедел ақпараттануы мен қарқынды дамуы білім беруге қойылатын талаптарды түбегейлі өзгеруде.

Бүгінгі таңда мобильді қосымшалар қарқынды дамып келе жатқанын айдан анық көріп отырмыз. Д.И.Сачков және Е.Ю.Лозныйдың пайдаланушылар арасында жүргізілген сараптаманың зерттеуі бойынша мобильді жарнама пайдаланушыларға жақсы әсер беретінін айқындалды. 75% пайдаланушылар мобильді құрылғының көмегімен қандай да бір жаңашылдықты байқады, ал 46% мобильді құрылғының көмегімен бірнәрсе сатып алды. Осы зерттеу нәтижелерінен мобильді құрылғылар қарқынды дамып келе жатқанын айқындауға болады[1]. Мобильді құрылғыларымен бірге мобильді қосымшаларда қарқынды дамуда.

Егер Сіз, өзініңіздің бизнесініз үшін немесе қандай да өнім үшін мобильді қосымша құрғыңыз келсе, мен осы мақалада мобильді қосымшаларды құруға арналған бірнеше платформалар туралы айтып кетемін. Мобильді қосымшаларды құруға арналған ең танымал платформаларды және бағдарламалардыСіздерге ұсынып отырмыз:

1. Appery.io платформасы. Appery – Android, iOS және Windows Phone – ға мобильді қосымшаларды құруға арналған бұлттық сервис. Бұл платформа бұлттық сервис